

Жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелерін айқындау әдістемесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 18 қарашадағы № 18-03/1010 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 26 қаңтарда № 12924 болып тіркелді.

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 9-бабы 1-тармағының 7) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелерін айқындау әдістемесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы

министрі

А. Мамытбеков

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрі

_____ Б. Сұлтанов

2015 жылғы 23 желтоқсан

Жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелерін айқындау әдістемесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелерін айқындау әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 9-бабының 1-тармағының 7) тармақшасына сәйкес әзірленді және жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелерін айқындау үшін қолданылады.

2. Жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелерін айқындау:

1) олжалаудың нормативтік лимиті – Заңның 9-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекітетін аң аулау объектілері болып табылатын жануарлар түрлерін алу нормативтері;

2) олжалау және жануарлардың өсім коэффициенті;

3) жануарлар саны (мекендеу ортасынан алынған жануарлар, олардың бөліктері мен дериваттары) негізінде жүргізіледі.

3. Сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген жануарлар түрлерін пайдаланғаны үшін төлемақыны әрбір жекелеген жағдайда осы жануарларды табиғи ортадан алуға рұқсат беру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

4. Мынадай жағдайларда:

1) жануарларды табиғи ортадан ғылыми-зерттеу және шаруашылық мақсаттарында ен салу, сақина салу, көшіру, жерсіндіру, жасанды өсіру және будандастыру мақсаттары үшін ұстап алып, кейіннен табиғи ортаға жіберген кезде;

2) жеке және заңды тұлғалардың меншігі болып табылатын, жасанды жолмен өсірілген әрі қамауда және (немесе) жартылай қамауда ұсталатын жануарлар дүниесінің объектілерін пайдаланған кезде;

3) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган балық ресурстарын және су жануарларының басқа да түрлерін пайдалануға арналған биологиялық негіздеу мақсатында балықтар мен басқа да су жануарларын бақылау үшін аулауды жүзеге асырған кезде;

4) ел денсаулығын қорғау, ауыл шаруашылығы және басқа да үй жануарларын аурудан сақтау, ауылшаруашылық және басқа да үй жануарларын жұқпалы аурудан сақтау, қоршаған ортаға келтірілген залалға жол бермеу, ауыл шаруашылығы қызметіне айтарлықтай залал келтіру қаупінің алдын алу мақсатында саны реттелуге тиіс жануарлар түрлерін алған кезде төлемақы алынбайды.

2. Жануарлар дүниесін (тұяқты жануарлар) пайдаланғаны үшін төлемақыны айқындау

5. Аңшылық объектілерін (тұяқты жануарлар) пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшері төменде келтірілген формула бойынша айқындалады:

$$C_{\text{тж}} = N \times Ж_{\text{өк}} \times O_{\text{к}} \times Ж_{\text{с}},$$

мұнда:

$C_{\text{тж}}$ – төлемақы мөлшері тұяқты жануарлар;

N – олжалаудың нормативті лимиті;

$Ж_{\text{өк}}$ – жануарлардың өсім коэффициенті;

$O_{\text{к}}$ – олжалау коэффициенті;

$Ж_{\text{с}}$ – жануарлар саны.

3. Аңшылық объектілерін (жыртқыш және терісі бағалы жануарлар) пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерін айқындау

6. Аңшылық объектілерін (жыртқыш және терісі бағалы жануарлар) пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерін төменде келтірілген формула бойынша айқындалады:

$$C_{\text{жтбж}} = N \times Ж_{\text{өк}} \times O_{\text{к}} \times Ж_{\text{с}},$$

мұнда:

$C_{\text{жтбж}}$ – төлемақы мөлшері (жыртқыш және терісі бағалы жануарлар);

N – олжалаудың нормативті лимиті;

$Ж_{\text{өк}}$ – жануарлардың өсім коэффициенті;

$O_{\text{к}}$ – олжалау коэффициенті;

$Ж_{\text{с}}$ – жануарлар саны.

4. Аңшылық объектілерін (құстар) пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерін айқындау

7. Аңшылық объектілерін (құстар) пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшері төменде келтірілген формула бойынша айқындалады:

$$C_{\text{к}} = N \times Ж_{\text{өк}} \times O_{\text{к}} \times Ж_{\text{с}},$$

мұнда:

$C_{\text{к}}$ – төлемақы мөлшері (құстар);

N – олжалаудың нормативті лимиті;

$Ж_{\text{өк}}$ – жануарлардың өсім коэффициенті;

O_k – олжалау коэффициенті;

J_c – жануарлар саны.

5. Өзге де шаруашылық мақсаттарда (аң аулау мен балық аулаудан басқа) пайдаланылатын жануарлар түрлерін пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерін айқындау

8. Өзге де шаруашылық мақсаттарда (аң аулау мен балық аулаудан басқа) пайдаланылатын жануарлар түрлерін пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшері төменде келтірілген формула бойынша айқындалады:

$$C_{\text{шм}} = J_{\theta} \times O_k \times J_c,$$

мұнда:

$C_{\text{шм}}$ – төлемақы мөлшері (басқа да шаруашылық мақсаттарда пайдалану);

J_{θ} – жануарлардың өсім коэффициенті;

O_k – олжалау коэффициенті;

J_c – жануарлар саны.